9. NEET жастарының отбасыларындағы табыстың негізгі көзі-ата-аналарының көмегі болып табылады. Отбасыдағы басқа мүшелерінің қаражатына респонденттердің 1/3 бөлігі өмір сүреді. Өзінің бейресми табысы зерттеудің әрбір төртінші қатысушысында ғана бар.

10. Респонденттердің өз бағалауына сәйкес, "NEET" санатындағы қазақстандық жастардың жақсы несие тарихы бар. Егер респонденттердің қазіргі уақыттағы кредитке ие үлесін қарастырсақ, онда қарыз (несие) жүктемесінің ауқымы көп жағдайда айына 10 мың теңгеден 50 мың теңгеге дейін өзгеретінін байқаймыз.

11. NEET жастар санатының арасында бос уақытта айналысатын ең танымал іс кітап оқу болып табылады. Екінші танымал хобби аспаздық. Спортпен жастардың 1/6 үлесі айналысады.

12. NEET жастарының күнделікті өмірінде әлеуметтік желілер мен теледидар бар болып табылады. Виртуалды ойындардың маңызын бағалау қиын: NEET жастарының 1/3 үлесі күнделікті ойындар ойнайды, 1/5 бөлігі - аптасына бірнеше рет, 1/3 бөлігі – ешқашан. Темекі шегу күнделікті тәжірибе ретінде әрбір оныншы респондентке тән. Сонымен қатар, зерттеуге қатысушылардың көпшілігі темекі шекпейді және алкоголь ішпейді.

13. Есірткі заттары, ұйықтататын дәрілер/антидепрессанттар, букмекерлік кеңселер, казино сияқты құбылыстар NEET жастар ортасында танымал емес.

14. Респонденттердің көзқарасы бойынша, қазақстандық қоғамда наразылық акцияларының ықтималдығы аз, бірақ алынып тасталмаған (16,4%). Назылық акцияларының пайда болу ықтималдығының мүлдем жоқтығына жастардың 23,3% сенімді. Алайда наразылықты негізінен әлеуметтік-экономикалық сипаттағы (бағаның өсуі, жалақы, стипендиялар, жәрдемақылар төлеу бойынша кідіріс, жұмыстан қысқарту/босату және т.б.) әртүрлі проблемалар тудыруы мүмкін.

III БӨЛІМ. «NEET» ЖАСТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ФАКТОРЛАРЫ

3.1 Отбасы бастапқы әлеуметтендіру факторы ретінде

NEET ерекше тобына жастардың түсу себептері мен салдарын түсіну шетелдік еңбек нарықтарының зерттеулеріндегі өзекті сала болып табылады. Бұл NEET жастарының, әдетте, жұмыспен қамтылмаған халықтың ең осал санаттарының бірін құруына байланысты. Қазіргі әлеуметтік сауалнамада біз мемлекет "NEET" санатына жатқызатын жас тұлғаларды қалыптастырудың әлеуметтік алғышарттарын зерттеуді шештік. Осылайша, аталған жастардың бастапқы және қайталама әлеуметтенуінің жағдайына талдау жасау және олардың өсуі, дамуы және қазіргі кво мәртебесі қай жерде болған/болатыны, жастардың әлеуметтік ортасының ерекшеліктері арасында корреляцияның болуы туралы гипотезаны тексеру маңызды болып табылады.

Тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі институты отбасы болып табылатыны жалпыға мәлім. Отбасы қоғамдық қатынастардың реттеушісі және үйлестіру константасы болып, қоғамның түрлі өмір сүру салаларын ерекше байланыстырады. Тіпті қоғамдық құндылықтардың, идеалдардың өзгеруі кезеңінде де жастар үшін өзгермейтін құндылық болып отбасы қалып отыр.

Сондықтан, NEET жастарына отбасының әлеуметтендіру ықпалының дәрежесін анықтау мақсатында зерттеу барысында респонденттерге құрылымды, отбасы түрін, туған аға-інілері/апа-қарындастарының болуын, олармен өзара қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтауға бағытталған бірқатар сұрақтар қойылды.

Сонымен, алынған мәліметтерді талдау барысында респонденттердің басым бөлігі (77,9%) толық отбасында өскен, яғни екі ата-анасының да бар екенін көрсетті. Басқа 16,7% олардың отбасы құрамы толық емес екенін атап өтті. Респонденттердің 3,3% әжесінде, басқа туысқандарында өсті (11-диаграмма).

11-диаграмма.

Сұрақ бойынша жауаптар: "Сіздің балалық шағыңызды дәл сипаттайтын жауап нұсқасын таңдаңыз?", %




Корреляциялық бөлулерді талдау респонденттердің гендерлік, жас ерекшеліктеріне қарай статистикалық маңызды айырмашылықтарды айқындамады. Бірақ респонденттің білім деңгейі мен отбасы құрылымының арасындағы тәуелділік туралы айтуға мүмкіндік береді. Осылайша сауалнама жоғары білім капиталы бар NEET жастары толық отбасында өскені туралы анықтады: "Мен толық отбасында өстім, менің екі ата - анам да бар" деген жауап нұсқасын 73,3% - аяқталмаған орта білімді, 75,5% - орта-арнайы білімді, 84% - жоғары білімді, 87,5% - ғылыми дәрежелі жастар таңдады.

Зерттеу объектісінде туған аға-інілері/апа-қарындастарының болуына қатысты деректерді бөлу шашыраңқы болды: респонденттердің жартысына жуығы (43,8%) отбасында кіші, яғни аға-інілері/апа-қарындастары бар. Сонымен қатар, респонденттердің 35,8% отбасында үлкені болып табылады. 17,4% жағдайда NEET жастар өкілі - отбасында жалғыз бала (12-диаграмма).

12-диаграмма.

Сұрақ бойынша жауаптар: "Сізде туған ағаларыңыз немесе әпкелеріңіз бар ма?", %



Сонымен қатар NEET жастарында өздерінің аға – інілерімен/апа-қарындастарымен тығыз және қолайлы қарым-қатынастар қалыптасып келеді, бұл туралы респонденттердің басым саны айтты - 84%. Жастардың 14,2% олармен кейде қарым-қатынаста болады. Зерттеуге қатысушылардың тек 0,8% ғана өзінің жақын туыстарымен қандай да бір қатынастардың болмауын айтады (13 диаграмма).

13-диаграмма.

Сұрақ бойынша жауаптар: "Сіз қазір олармен қарым-қатынастасыз ба?", %



Сауалнамаға қатысқандардың алғашқы әлеуметтену факторлары туралы талдау блогының қорытындысында, респонденттер отбасысында қай ата-ана негізгі табыс әкелетіні (қазіргі уақытта әкеледі) туралы сұраққа жауап берді. Әрбір екінші жағдайда респонденттердің отбасыларында ата-анасының екеуі де жұмыс істеген (жұмыс істейді), яғни олардың әрқайсысының үлесі бірдей бағаланады. Сонымен қатар, респонденттердің қалғанының 1/3 үлесінде патриархалдық отбасы ретінде әкесі ғана жұмыс істейді, ал анасы үй шаруашылығымен айналысады (10-кесте).

10-кесте.

Сұрақ бойынша жауаптар: "Сіздің отбасыңызда ата-ана қайсысы негізгі табыс әкелді (қазіргі уақытта әкеледі)?", %

	%
Екі ата-ана да жұмыс істейді	52,0
Тек әкем ғана жұмыс істейді, ал анам үй шаруашылығымен айналысады	27,9
Ата-анамның біреуі денсаулық жағдайына байланысты жұмыс істемейді	4,8
Ата-анамда тұрақты жұмысы болған жоқ, бірақ кездейсоқ табыс болды	3,4
Біздің отбасымызда ешкім жұмыс істемейді, жәрдемақы, зейнетақы, шәкіртақы есебінен өмір сүріп жатырмыз	2,4
Бір ғана ата-ана жұмыс істейді	4,3
Ата-әже, олардың еңбекақысына, содан кейін зейнетақысына өмір сүрдік	0,3
Әпке, аға, туыстар	0,2
Басқасы	0,7
Жауап беруге қиналамын	4,1

Осылайша, әлеуметтік сауалнама мен сұхбаттың мәліметтері көрсеткендей, НЕЕТ жастарының көп бөлігі толық отбасынан шыққан, көбінесе жастардың осы санаты отбасында жалғыз бала болып табылмайды және аға-інілерімен/апа-қарындастарымен тығыз қарым-қатынаста.

3.2 Мектептегі оқыту «НЕЕТ» жастарын екінші реттік әлеуметтендірудің негізгі компоненті ретінде

Әлемнің көптеген елдерінің білім беруінің мемлекеттік құрылымдары - балабақшалардан өндірістік және кәсіптік оқыту жүйесіне дейін толығымен институтталды. Бұл жүйелердегі орталық орынды адами бірлескен қызметтің ерекше нысаны, мәдениет феномені, негізгі әлеуметтік институттардың бірі болып табылатын мектеп алады. Мектеп жас ұрпаққа әсер ететін әлеуметтендірудің дербес микрофакторы болып табылады, ол жастардың болашақ кәсіби мүмкіндіктерін ғана емес, сонымен қатар олардың тұлғалық сипаттамаларын да айқындай отырып, олардың дамуын белгілі бір түрде бірегейлендіреді. Өйткені, бастауыш және орта мектепте жастар әлеуметтік мінез-құлық дағдыларын да, білімді де игереді.

Осы әлеуметтік сауалнамада зерттеудің міндеттерінің бірі осы институттың NEET санатындағы жастардың қазіргі мәртебесін қалыптастырудағы маңыздылығын анықтау болып табылады.


Бірінші кезекте, респонденттерден қазіргі кездегі олардың білім деңгейі туралы сұрады. Сұралғандардың ішінде орта білімі бар респонденттер тобы салмақты (30%) болды. Орта-арнайы білімі бар респонденттердің тобы да өкілдік болып шықты – 26,8%. Сауалнамаға қатысушылардың 21% аяқталмаған орта білімі болған, яғни олардың білім капиталы негізгі мектептің 9 сыныптарынан тұрады. Әрбір бесінші респондент сауалнама барысында ЖОО аяқтағанын көрсетті (20,3%) (14 диаграмма).

Корреляциялық бөлулерді талдау жоғары білімді NEET жастары - көбінесе Алматы қаласында (44,7%), Ақтөбе (29,9%), Павлодар (27%), Атырау (26,1%) облыстарында тұратын 24-28 (31,1%) жастағы әйелдер (17,6% қарсы 23,1%) екенін көрсетеді.

Осылайша, қазақстандық NEET жастарының білім беру деңгейі туралы бір мәнде айту қиын. Салыстырмалы аспектіде орта және орта-арнайы білімі бар өкілдер басым, бірақ соған қарамастан, осы бөлулердің пайыздық арақатынасы оларды бас жиынтықтың контекстінде манипуляция жасау үшін айтарлықтай басым болып табылмайды.

14-диаграмма.

Сұрақ бойынша жауаптар: "Қазіргі уақытта қандай біліміңіз бар?", %



Талдау көрсеткендей, NEET жастарының мектептегі үлгерімі қанағаттанарлық емес деп атауға болмайды. Респонденттердің 69,1% мектепте "өте жақсы" (11,5%) және "жақсы" (57,6%) оқыды. Оның ішінде "үздік" және "жақсы" үлгерімнің иегерлері 2 есе жиі әйел адамдар болды (7,2% қарсы 16%; 52,4% қарсы 63%).

Сондай-ақ, зерттеу мектепте "өте жақсы" және "жақсы" білім алғандар нәтижесінде жоғары білім (тиісінше 21% және 67,8%) және ғылыми дәрежеге (тиісінше 37,5% және 50%) ие болғанын анықтады. Мектепте

"қанағаттанарлық" білім алғандар үшін білім беру төбесі көбінесе жоғары (10,1%) емес, Орта-арнайы біліммен (34,2%) шектелді.

Нашар үлгерім респонденттердің 2,2% ғана тән болды. Қалған 1/3 жастар үлесі "қанағаттанарлық" (15-диаграмма) оқыды, олардың көпшілігі әйелдерден (19,9%) қарағанда ерлер санын (36,2%) құрады.

Респонденттердің үлгерімі информаторлармен сұхбат барысында де расталды:

«...Успеваемость у меня была хорошая, я училась на пятерки и четверки» (СКО, жен, 18).

«...Если честно сказать я в классе учился углубленном по математике, поэтому к нам уделяли особое внимание по математике и по всем предметам. Наш класс был вообще, как сказать, ведущим в школе. И нас было только, ну как сказать, среди классов отбирали, допустим, если там сто человек в русской школе учится, нас отобрали семь человек в один класс и учили нас по углубленной математике» (Атырауская, муж, 23).

15-диаграмма

Сұрақ бойынша жауаптар: "Мектепте үлгеріміңіз қандай болды?", %




Басқаша айтқанда, зерттеу мектептегі нашар үлгерім мен NEET мәртебесі арасындағы тікелей тәуелділік табылған жоқ екенін көрсетті.

Сонымен қатар, сауалнама нәтижелері NEET жастарының эмоционалдық интеллектісі (басқа адамдардың эмоциялары мен өз эмоцияларын басқару қабілеті) жоғары деп анықтауға болады деп айтуға мүмкіндік береді. Респонденттердің 3,9% ғана оқыту барысында мұғалімдермен, сыныптастармен тұрақты негізде қақтығыстар туындап жүрді. Уақыт өте келе, жастардың 35,3% жанжалды өзара қарым-қатынас орын алды. Көпшілігі (59,7%) құрдастарымен және педагогтармен тек қана оң қарым-қатынасты болған (16-диаграмма).

16-диаграмма.

Сұрақ бойынша жауаптар: "Сізде мектепте қандай қарым-қатынас болды (мұғалімдермен, сыныптастармен)?", %



Берілген мәліметтер мен терең сұхбаттың нәтижелерін салыстыру барысында жастардың сыныптастарымен және педагогтармен жақсы қарым-қатынаста екенін растайды:

«...Хорошие были отношения в школьные годы и со сверстниками, и с одноклассниками. Не ссорилась ни с кем» (СКО, жен, 28).

«...Школа мне очень нравилась, положительные эмоции появляются при воспоминании. -Учителя меня любили, поддерживали, так как я была послушной» (Алматы, жен, 28 лет).

«...Положительные воспоминания о школе. Было очень радостно, весело. Много время проводили в играх, на учебу не очень обращали внимание» (Туркестанская, жен, 23).

«...Воспоминания положительные, школьные годы прошли хорошо. Успеваемость была средней» (Туркестанская, муж, 21).

«...Воспоминания только положительные, теплые. Мне очень нравилось учиться, особенно предметы гуманитарного цикла. Мне учеба достаточно легко давалась. Вот такие хорошие, положительные воспоминания о школе» (СКО, жен., 26 лет).

«...Воспоминание о школе положительное. Да, так как я лучшая ученица в классе, отношения складывались достаточно хорошо» (Туркестанская, жен, 17).

«...Положительные. Я сейчас вспоминаю школу, Вы сейчас как раз затронули за такое, что нахлынули сразу воспоминания о школе. Мне очень нравилось в школе, я бы сейчас вернулась бы туда, потому что у нас и конкурсы, мы всегда участвовали и какие-то открытия, мероприятия мы ставили, то есть это очень интересно было. мне очень нравилось. Я бы сейчас вернулась» (СКО, жен, 26).

«...Интересные. Всегда любила ходить в школу. Хорошие учителя, хорошие одноклассники. И те, кто в других классах учился, тоже все дружно общались» (Карагандинская, жен, 20).

Респонденттер жауап берген келесі сұрақ: **"Сіз мектептен тыс үйірмелерге, секцияларға бардыңыз ба?"**. Зерттеу НЕЕТ жастарының 22,2% негізінен мектептен тыс іс – шараларға қатыспағанын анықтады, респонденттердің 39,8% оларға бірнеше рет барды. Үйірмелер мен секцияларға жиі бару респонденттердің 36,6% үшін ғана тән болды (17-диаграмма). Осыдан жастардың оқудан тыс белсенді емес қызметінде және НЕЕТ мәртебесі арасындағы өзара байланыстың болуын болжауға болады. Сондықтан НЕЕТ тобына кіру қаупін азайту мақсатында оқушылар мен студенттерді әртүрлі үйірмелер мен секцияларға тарту қажет, өйткені осы іс-шаралар барысында қосымша білім мен білік ғана емес, құрдастарының конструктивті және прогрессивті ортасында қажетті әлеуметтік байланыстар пайда болады.

17-диаграмма.

Сұрақ бойынша жауаптар: "Сіз мектептен тыс үйірмелерге, секцияларға бардыңыз ба?", %



Қазақстандағы НЕЕТ жастарының абсолютті санында аяқталған орта (52,2%) немесе негізгі (40,7%) білімі бар. Респонденттердің 0,7% үлгерімсіздік үшін мектептен шығарған. Сонымен қатар, респонденттердің дәл осындай саны денсаулық жағдайы бойынша мектепті тастап кетуге мәжбүр болды (0,7%) (18 диаграмма).

18- диаграмма.

Сұрақ бойынша жауаптар: "Сіз мектепте қанша сынып бітірдіңіз?", %



Мектепті бітіргеннен кейін жастардың басым бөлігі колледжге, ЖОО-ға түсті (64,3%). Респонденттердің 9,9% жұмысқа орналасты, бұл ретте мұндай таңдауды әйелдер (7,5%) қарағанда ерлер (12,1%) жасады. 1/5 түлектердің үлесі жұмыспен қамтылмаған деген мәртебеге ие болды, яғни оқуды жалғастырмаған және жұмысқа орналаспаған. Зерттеуге қатысушылардың 3,8% мектепті бітіргеннен кейін некеге тұрғанын атап өтті (11-кесте), олардың ішінде әйелдер едәуір көп (1,3% қарсы 6,4%).

Келтірілген желілік бөлулер жастардың кәсіптік бағдар беру жұмысында қателіктердің болуын болжауға мүмкіндік береді, себебі NEET жастарының көп бөлігі мектепті бітіргеннен кейін колледжде, ЖОО-да оқуын жалғастырды, дегенмен, мамандығы бар болса да, жұмысқа орналаса алмады. Бұдан басқа, бұл істің қазіргі жағдайының себебі жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпараттандырудың төмен деңгейі болуы мүмкін.

11- кесте.

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз мектеп бітіргеннен кейін немен айналыстыңыз?», %

	%
Колледж, ЖОО түстім	64,3
Ештеңе, үйде отырдым	20,7
Жұмысқа тұрдым	9,9
Үйлендім, күйеуге шықтым	3,8
Оқуға түсуді жоспарлаймын	0,1
Оқуға түскім келді, бірақ болмай қалды	0,5
Әскерге кеттім	0,2
Басқасы	0,6

Бөлім бойынша қорытындылар:

1. Респонденттердің басым бөлігі толық отбасында өсті, яғни екі ата-анасы да бар. Сонымен қатар, "NEET"жастарының толық емес отбасында алғашқы әлеуметтендіру жағдайы 16,7% тән.

2. Респонденттердің жартысына жуығы отбасында кіші, яғни аға аға/әпкелері бар. Сонымен қатар, 1/3 респонденттер үлесі отбасында үлкені болып табылады. NEET жастарының 17,4% өкілі - өз отбасында жалғыз бала.

3. Әрбір екінші жағдайда респонденттердің отбасыларында ата-анасының екеуі де жұмыс істеген (жұмыс істейді), яғни олардың әрқайсысының үлесі бірдей бағаланады. Демек, респонденттердің отбасыларындағы қарым-қатынас жүйесі тең құқықты серіктестік негізінде құрылғанын (салынғанын) қисынды деп болжауға болады.

4. Қазақстандық NEET жастарының білім деңгейі туралы бір мәнді айту қиын. Салыстырмалы аспектіде орта және орта-арнайы білімі бар өкілдер басым. Бірақ, сауалнама кезінде респонденттердің 1/5 үлесінде аяқталмаған орта білімі болды. Сонымен қатар, әрбір бесінші респондент сауалнама барысында ЖОО-ны аяқтағанын көрсетті.

5. NEET жастарының мектептегі үлгерімі қанағаттанарлықсыз деп атауға болмайды. Респонденттердің 70% мектепте "өте жақсы" және "жақсы" оқыған. Олардың ішінде "үздік" және "жақсы" үлгерімінің иегерлері әйел адамдар арасында 2 есе жиі кездеседі.

6. NEET жастарының эмоционалдық интеллекті (басқа адамдардың эмоциялары мен өз эмоцияларын басқару қабілеті) жоғары деп анықтауға болады. Респонденттердің 3,9% ғана оқу барысында мұғалімдермен, сыныптастармен тұрақты негізде қақтығыстар пайда болды. Көпшілігі (59,7%) құрдастарымен және педагогтармен тек қана оң қарым-қатынаста екенін көрсетті.

7. Негізінен оқудан тыс іс-шараларға бару респонденттерге тән емес. Үйірмелер мен секцияларға жиі бару респонденттердің 36,6% ғана тән болды.

IV БӨЛІМ. «NEET» САНАТЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУЫ


4.1 Мамандық алып шығу және таңдау

Осы бөлімде NEET жастарының мамандығын таңдау және алу ерекшеліктеріне байланысты сұрақтар қаралатын болады: таңдау факторлары, табысқа бағдарлану, мамандық алудағы кедергілер және т. б.

Бұрын айтылғандай, NEET жастарының көп бөлігі мектепті бітіргеннен кейін орта-арнайы және жоғары білім беру ұйымдарында оқуын жалғастырды. Олардың 94% мектептен кейін бірден колледжге/ЖОО-ға түсті. Респонденттердің 2,4% сол жылы оқуға түсе алмағанын атап өтті. Респонденттердің тағы да 1,6% жұмысқа орналасуды жоспарламады (19-диаграмма).

19-диаграмма.

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз мектеп бітіргеннен кейін (сол жылы) колледжге/ЖОО түстіңіз бе?», %



Сауалнама нәтижесі бойынша, мамандық таңдау кезінде жастар бірінші кезекте ата-аналарымен ақылдасады (65%). Әрбір оныншы респондент болашақ мамандық туралы ақпаратты интернет желісінен жинауды қалайды (10%). Респонденттердің дәл осындай үлесі мектеп педагогтарынан кеңес алады (9,6%). Сонымен қатар, талдау жастар арасында мамандықты ойланбай таңдаудың сипатының бар екендігін көрсетеді ("мамандықты кездейсоқ таңдадым" деген жауап нұсқасын 8,8% таңдады) және басқаларына соқыр еру немесе жақындарына, пікірлестеріне, достарына еліктеу (5,3%). Кәсіптік бағдар беру жұмысының элементтерін болашақ студенттердің аз ғана саны пайдаланады. Мәселен, мамандықты таңдау барысында түлектердің тек 4,1% ғана кәсіптік бағдар кітапшаларымен, 3,1% - ашық есік күндері колледждерге барды (12-кесте).

Гендер бөлінісінде корреляциялық бөлулерді талдау мыналарды көрсетеді: ата – аналармен, педагогтармен кеңесу - бұл көбінесе мамандықты таңдаудағы әйелдердің стратегиясы, бұл туралы мына деректер куәландырады: бірінші кейс үшін 62,5% қарсы 67,4% және екінші кейс үшін 8,9% қарсы 10,2%. өз достарының мысалын ұстану (6,3% - 4,4%) және

жағдайға болжау (10% - 7,5%) ер адамдарға тән мінез-құлық болып табылады.

Жастар үшін ата-ана пікірінің маңыздылығы жоғары болғандықтан, ата-аналардың объективті критерийлерді басшылыққа алуы және өз балаларына дұрыс таңдау жасауға, яғни мамандықтың беделін емес, сұранысқа, өзектілікке бағыттау үшін тек түлектермен ғана емес, ата-аналармен де кәсіптік бағдар беру шараларын өткізу керек деп ұсынылды.

12-кесте.

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз мамандықты қалай таңдадыңыз?», %

	%
Ата-анаммен ақылдастым	65,0
Интертен желісінде ақпарат жинадым	10,0
Мектептегі мұғалімдермен сөйлестім	9,6
Мамандықты кездейсоқ таңдадым	8,8
Бала кезімнен армандаған мамандыққа тапсырдым	8,1
Менің достарым мен сыныптастарым таңдаған мамандыққа тапсырдым	5,3
Мемлекеттік гранттар көп болған мамандықты таңдадым	5,4
Кәсіби бағдар кітапшаларымен таныстым	4,1
Төмен өту балы болған мамандықты таңдадым	3,3
Колледждегі ашық есік күндеріне бардым	3,1
Өзім таңдадым	0,9
Тума-туыстарыммен ақылдастым	0,2
Таңдауды балалар үйі жасады	0,2
Таңдаудың болмауы	0,2
Басқасы	0,5
Жауап беруге қиналамын	2,3

Одан кейін респонденттерге: "Сіздің ойыңызша қандай факторлар мамандықты таңдауға әсер етеді?" деген сұрақ қойды. Алынған мәліметтерге сәйкес, NEET жастарында болашақ мамандықты қалай таңдауға қатысты ұтымды талаптар қалыптасқан, яғни сұранысқа (54,8%), лайықты еңбек ақы төлеуге (45,2%) және қолда бар таланттар мен қабілеттердің (28%) релевиантты бағдары. Бірақ ата-аналардың пікірінің маңыздылығы (19,4%) және мамандықтың беделі (13,8%) маңызды орын алады, бұл талапкерге өз қалауына қарай таңдау жасауға кедергі келтіруі мүмкін (13-кесте).

13-кесте.

Сұрақ бойынша жауаптар: "Сіздің ойыңызша, мамандық таңдауға қандай факторлар әсер етеді?", %

	%
Мамандық сұранысы	54,8
Жоғары еңбекақы	45,2
Өз қабілеттіліктеріне сәйкестілік	28,0
Ата-аналардың талабы және кеңесі бойынша	19,4

Мамандық беделі	13,8
Үйге жақын оқу орнын таңдады	8,3
Ата-ана мамандығын таңдап, әулетті жалғастырғысы келді	3,0
Денсаулық жағдайы және физикалық мүмкіндіктер	2,8
Мемлекеттік гранттар көп бөлінген оқу орны	0,2
Жауап беруге қиналамын	2,5

Қазақстанда жастар үшін білім алу үшін негізгі кедергілер білікті педагогтардың болмауы (25%), білім беру ортасының сыбайлас жемқорлығы (20,3%), мамандықты ойланбай таңдауы (20,2%) және оқушылардың төмен уәждемесі (19,6%) болып табылады. Басқаша айтқанда, бұл жағдайда объективті де, субъективті де факторлар орын алады. Жоғарыда аталғандардан басқа, респонденттердің тиісінше 12,8%, 12,1% және 10,8% жастардың масылдық қатынасы, кабинеттердің техникалық жабдықталуының төмендігі және оқуды жұмыспен қоса атқару қажеттілігі, сияқты аспектілерді атап өтті (14-кесте).

Қазақстанда білім алуға кедергі келтіретін факторлар туралы NEET жастарының тиісінше 53,8% және 46,2% пікірлерінің саралануы респонденттердің тұратын аймағына байланысты байқалады: сұралған әрбір екінші респондент Алматы және Атырау облыстарының өңірлерінде білікті педагогтардың жоқтығын атап өтті. Бұдан басқа, Алматы облысының NEET жастары білім беру ортасында қажетті инфрақұрылымның болмауы проблемасын өзектендірді, яғни кабинеттердің техникалық жабдықталуының төмендігі (42,3%), мемлекеттік тілдегі оқулықтардың жетіспеушілігі (40,4%) және оқу орындарының артық толы болуы (39,4%). Білім беру ортасының сыбайлас жемқорлығы білім алуда кедергі ретінде Алматы (31,7%), Жамбыл (27,4%), Павлодар (27,8%), Солтүстік Қазақстан (26,7%), Атырау (26,9%), Ақмола (26,8%) облыстарында және Алматы қаласында (28,8%) орын алады.

14-кесте.

Сұрақ бойыша жауаптар: "Кейбір жастарға Қазақстанда білім алуға не кедергі келтіруі мүмкін деп ойлайсыз?", %

	%
Білікті педагогтардың жоқтығы	25,0
Білім беру ортасында сыбайлас жемқорлықтың болуы	20,3
Болашақ мамандықты ойланбай таңдауы	20,2
Оқушылардың төмен мотивациясы	19,6
Жастардың масылдық қатынасы	12,8
Кабинеттердің техникалық жабдықталуының төмендігі	12,1
Оқуды жұмыспен қоса атқару қажеттілігі	10,8
Білім алуға ештеңе кедергі жасамайды	10,2
Оқу орындарының артық толы болуы	9,4
Мемлекеттік тілдегі оқулықтардың жетіспеушілігі	8,3
Оқушылардың құмар ойындарға қызығушылығы	6,4
Ыңғайсыз сабақ кестесі	5,5
Оқытушылардың ағылшын тілін нашар меңгеруі	4,7

Қымбат	3,5
Оқушылардың діни ұйымдарға тартылуы	2,4
Қаражаттың жетіспеуі, ақшаның болмауы	2,1
Басқасы	0,9
Жауап беруге қиналамын	6,2

Сондай-ақ, NEET жастарынан мамандықты қандай жағдайда беделді деп санауға болатынын сұрады. Басым санның пікірінше, мамандықтың беделі жоғары жалақыдан (46%) және еңбек нарығында сұранысқа ие болуынан (39,7%) көрінеді. Респонденттердің арасында шетелдік иссапарлар мүмкіндігі, басқаларына ықпал ету мүмкіндігі, адамдарға көмек көрсету мүмкіндігі сияқты жауап нұсқалары аз қолдауға ие болды, тиісінше 4,9%, 3,1% және 5,2% (20-диаграмма)

Гендерлік және жас ерекшелік принципі бойынша бөлінулерді талдау айнымалылардың арасындағы маңызды байланыстарды көрсетпеді, бірақ респонденттердің пікірлері мен білім деңгейі арасындағы тәуелділікті анықтады. Осылайша, бедел өлшемі ретінде жоғары табыс респонденттердің жасына қарай кері қарай азаяды, яғни респонденттің жасы үлкен болған сайын – ол мамандықтың беделінің негізі - жоғары жалақы (жауаптың бұл нұсқасы орта - арнайы білімі бар респонденттердің 47,9%, жоғары білімі бар респонденттердің 39,3% және жас ғалымдардың 33,3% таңдады) деген көзқарасты аз дәрежеде қолдайды. Сонымен қатар, кері үрдіс мамандық беделі еңбек нарығындағы сұраныс сияқты критерийге қатысты байқалады: респонденттің жасы үлкен болған сайын – ол жауаптың осы нұсқасын жиі таңдайды (орта-арнайы білімі бар респонденттердің 39,5%, жоғары білімі бар респонденттердің 44%, ғылыми дәреже иегерлерінің 50%).

Өңірлер бөлінісінде жоғары табыс негізгі бедел ретінде Батыс Қазақстан (72,5%) және Жамбыл (69,9%) облыстарының тұрғындарында жиі байқалды. Сұранысқа ие болу мәртебесі мамандық іргетасы болып табылатыны туралы көзқарасты Қызылорда (58,9%), Қостанай (52,9%), Алматы (55,3%) облыстарында және Шымкент қаласында (55,4%) респонденттер қолдады.

20-диаграмма.


Сұрақ бойынша жауаптар: "Ең алдымен мамандықты не беделді етеді?", %



Алайда, бұл ретте респонденттер өз мамандығын әдеттегідей деп санайды (61%). Зерттеу қатысушыларының 22,2% өз мамандығын беделді деп атады. Сұралғандардың тағы бір 1/10 бөлігі өз мамандығының сәйкес еместігіне шағымданды (21-диаграмма). Тақим образом, исходя из вышеприведенных результатов исследования, в основном молодежь НЕЕТ не трудоустраивается по профессии в силу 2-х обстоятельств: низкая оплата труда и отсутствие вакансий на рынке труда.

21-диаграмма.

Сұрақ бойынша жауаптар: "Сіз таңдаған мамандық біздің қоғамда беделді ме?", %



Студенттерге жұмыс істеу керек пе? Оқу кезінде студенттерге қосымша жұмыс істеу мәселесі айтарлықтай қарама-қайшы болып табылады. Зерттеушілердің бір бөлігі жұмыспен қамту саласында жақсы бейімделуге көмектеседі деп санайды. АҚШ-та еңбек тәжірибесі бар жастар оқудан кейінгі алғашқы бес жылда жұмыссыздардың жағдайында аз кідіруде, ал жұмысынан айрылып қалған жағдайда да, еуропалық құрдастарымен салыстырғанда тезірек жаңасын табады. Екінші жағынан, респонденттердің 10,8% осы сауалнама барысында жұмысты оқу қызметімен қоса атқару білім алуға кедергі келтіреді деп атап өтті.

Сауалнама көрсеткендей, әрбір екінші сұралған адам колледжде/ЖОО-да оқу барысында қосымша жұмыс жасаған (46,9%), оның ішінде мамандығы бойынша тек 7% жұмыс істеді. Сауалнаманың нәтижесіне сәйкес, қыздардан гөрі, оқу кезінде жігіттер жиі жұмыс істейтінін атап өту қажет (жауап нұсқасы "жоқ, колледжде, ЖОО-да оқу барысында мен жұмыс істеген жоқпын" әйелдердің 54,3% және ерлердің 46,8% таңдады).

Қалған 39,9% болашақ мамандыққа байланысты емес еңбек міндеттерін орындады (15-кесте). Осыдан студенттер үшін мамандық бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік жасау қажет болып табылады, осылайша мамандық бойынша тәжірибе мен еңбек өтілінің болмауы мәселесі шешіледі және дипломдалған жұмыссыздық сияқты құбылыстың өзектілігін жоғалтады. Проблеманы шешудің бір нұсқасы орта-арнайы білім беру ұйымдарында ғана емес, жоғары мектепте де оқытудың дуалды моделін (apprenticeship model) енгізу болып табылады. Бұл модель Германияда, Австрияда, Швейцарияда,

Чехияда, Словакияда тәжірибеленіп келеді. Нақты фирмалармен жасалған оқыту келісім-шарттары бір жағынан, жалпы білімнің белгілі бір көлемін алуға мүмкіндік береді, ал екінші жағынан - нақты өндіріс жағдайында жұмыс істеу дағдыларын береді.

15-кесте.

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз колледжде, ЖОО оқу барысында қосымша жұмыс жасадыңыз ба?», %

	%
Иә, мен өз мамандығым бойынша үнемі қосымша жұмыс атқаратынымын	7,0
Иә, мен үнемі қосымша жұмыс атқаратынымын, бірақ мамандығым бойынша емес	19,4
Кездейсоқ қосымша жұмыстар болған, бірақ мамандығым бойынша емес	20,5
Жоқ, колледже, ЖОО оқу барысында қосымша жұмыс атқармадым	50,5
Басқасы	0,3
Жауап беруге қиналамын	2,3

Студенттердің жұмыс жасауының негізгі себебі экономикалық себептер болып табылады. Осылайша, респонденттердің 37,5% ең қажеттіге ақша жетіспейтіндіктен қосымша жұмыс жасауды шешкен. Респонденттердің 20,4% ата-аналарына көмектесуге тырысқан. Сауалнамаға қатысушылардың тағы 17,1% ойын-сауық және қосымша білім алу үшін ақша тапқан. Алайда, студенттердің мамандық бойынша жұмысқа деген қызығушылығы аз болғаны алаңдатады. Сауалнамаға қатысқандардың 1,1% ғана мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесін алуға ұмтылған (16-кесте). Бұл мүмкіндіктің болмауымен, мамандығы бойынша жұмысқа орналасу үшін ақпараттың жетіспеушілігімен немесе төмен ақы төлеуімен түсіндірілуі мүмкін.

16-кесте.

Сұрақ бойынша жауаптар: "Оқу барысында Сіздің қосымша жұмыс жасауыңыздың себептері қандай?", %

	%
Ең қажеттіге ақша жетпеді	37,5
Ата-анама көмектескім келді	20,4
Ойын-сауық және қосымша білім алу үшін	17,1
Ата-анама тәуелді болғым келмеді	16,5
Өмірлік тәжірибе, қарым-қатынас тәжірибесін алғым келді	2,7
Бос уақыт өте көп болды	1,3
Болашақ мамандығым бойынша тәжірибе жинауға тырыстым	1,1
Басқасы	0,5
Жауап беруге қиналамын	2,9

NEET жастарының 80,3% колледж/ЖОО бітіргені туралы диплом алды. Қалғаны белгілі бір себептермен білім беру процесін толық аяқтай алмады: респонденттердің 5% өз еркімен оқуды тастап кетті, 2,6% денсаулық жағдайы бойынша оқуды қалдыруға мәжбүр болды, 2,2% оқудан шығарылды. Бұл ретте олардың арасында (колледжді/жоғары оқу орнын бітірмеген) қыздарға қарағанда, ер адамдар саны басым ("иә, мен колледжді/ЖОО бітіргені туралы диплом алдым" деген жауаптың нұсқасы әйелдердің 82,8% және ерлердің 77,8% таңдады) (17-кесте).

Өңірлер бөлінісінде оқуды аяқтамаған NEET жастары Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында көп кездеседі. Мұнда респонденттердің 31,7% мен 11,1% өз қалауымен оқуды бітіруге жете алмаған, 9,8% мен 13,3% сәйкесінше оқудан шығарылған.

17-кесте.

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз колледж/ЖОО бітіріп, диплом алдыңызба?», %

	%
Иә, мен колледж/ЖОО бітіріп, диплом алдым	80,3
Өз қалауыммен оқу орнынан шығып, соңына дейін бітіре алмадым	5,0
Денсаулық жағдайы бойынша соңына дейін оқып, бітіре алмадым	2,6
Оқу орнынан шығарылдым	2,2
Тегін оқуға түсе алмадым	0,3
Отбасы жағдайы бойынша соңына дейін оқымадым	0,4
Сырттай оқимын	0,2
Басқасы	0,2
Жауап беруге қиналамын	8,7

Мамандық таңдау ерекшеліктері туралы сұрақтар блогының соңында респонденттерге: **"Сіз жақын арадағы екі жылда магистратураға, докторантураға түсуді, кәсіби курстардан өтуді жоспарлайсыз ба?"** деген сұрақ қойылды. Алынған деректерді талдау мынаны көрсетті: "lifelong learning" стратегиясының жаһандық үстемдігі дәуірінде (үздіксіз оқыту) NEET санатындағы жастардың басым көпшілігі оқуға және өз білімі мен құзыреттілігін арттыруға ниетті емес (57,2%). Респонденттердің 34,7% оқуын жалғастыруды жоспарлап отыр, олардың 15,6% өз шешіміне сенімді, қалған 19,1% білім процесін белгісіз уақытқа кейінге қалдырып отыр (22-диаграмма).

Сауалнамаға қатысқандардың 14-18 жастағы респонденттер одан әрі оқуға көбірек бағытталған (27%), ал 19-23 жастағы топта бұл көрсеткіш 19%, 24-28 жастағы респонденттердің - 9,7% құрайды.

Басқаларымен салыстырғанда ең жоғары білім беру капиталы бар респонденттер оқуды жалғастыруға ниет білдіріп отыр – әрбір үшінші ғылыми дәреже иеленуші (магистр, кандидат, доктор, PhD) "Иә, міндетті түрде өз оқуымды жалғастырамын" деген жауап нұсқасын таңдады (33,3%), ал жоғары білімі бар респонденттер арасында бұл көрсеткіш 15,7%, орта – арнайы білімі бар респонденттер - 8,9% құрады.

22-диаграмма.

Сұрақ бойынша жауаптар: "Сіз жақын арадағы бір-екі жылда магистратураға, докторантураға түсуді, кәсіби курстардан өтуді жоспарлайсыз ба?", %




4.2 Жұмыспен қамтылудағы алғашқы тәжірибе

Зерттеу сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 42,6% жұмысқа орналасу тәжірибесі болғанын, қалған 57,4% мұндай тәжірибесі жоқ екенін анықтады (23-Диаграмма).

23-диаграмма .

Сұрақ бойынша жауаптар: "Сізде жұмыспен қамтылуда тәжірибеңіз бар ма?", %



Одан әрі жұмысқа орналасу тәжірибесі бар респонденттерді мектеп/колледж/ЖОО бітіргеннен кейін қанша уақыт жұмыс іздегенін сұрады. Негізінен бұл процесс жастар арасында бірнеше айға созылады, бұл туралы зерттеуге қатысушылардың 40% айтты. Сауалнамаға қатысқандардың 24,7% мектеп бітіргеннен кейін бірден жұмыс таба алды, ал респонденттердің 15,8%

оқу кезінде жұмыс тауып алғанын көрсетті. Жұмыс іздеу процесі сауалнаманың осы сұрағына жауап берген NEET жастарының 6,8% бірнеше жылға созылды. Сауалнамаға қатысқандардың 9,4% жұмысқа орналасуда қиындықтарға әлі де тап болып жүр (18-кесте).

Сауалнамаға қатысқандардың аумақтық тиесілілігі бойынша деректерді корреляциялық талдау Солтүстік Қазақстан облысында ұзақ мерзімді жұмыссыздықтың ең жоғары деңгейін анықтады, мұнда NEET жастарының әрбір бесінші өкілі (18,2%) оқу орнын бітіргеннен кейін бірнеше жыл бойы жұмысқа орналаса алмады. Мұндай жағдай сондай-ақ NEET жастары арасында Батыс қазақстан (13%), Алматы (11,9%), Жамбыл (10,4%), Атырау (10,3%) облыстарында орын алды.

18-кесте.

Сұрақ бойынша жауаптар: "Мектеп/колледж/ЖОО бітіргеннен кейін Сіз бірден жұмыс таба алдыңыз ба?", %

	%
Оқу кезінде жұмыс тауып алдым	15,8
Жұмысты мектеп/колледж/ЖОО бітірген соң бірден тауып алдым	24,7
Жұмысты бірнеше ай бойы іздедім	40,0
Жұмысты бірнеше жыл бойы таба алмадым	6,8
Әлі де жұмысқа орналаса алмай жүрмін	9,4
Тұрмысқа шыққаннан бері үйде отырмын, кішкентай балаларым бар	0,5
Әскерге кеттім	0,4
Басқасы	0,1
Жауап беруге қиналамын	2,1

Егер жастар қолданатын жұмыс іздеу әдістері туралы айтатын болсақ, онда нәтижелер әлеуметтік байланыстардың жоғары маңыздылығын көрсетеді: әрбір екінші респондент достарының, таныстарының ұсыныстары бойынша өзінің алғашқы жұмысын тапты – 45,8%. Респонденттердің 1/3 үлесі БАҚ іздеу құралын пайдаланды: сауалнамаға қатысушылардың 27,8% газеттегі, Интернет желісіндегі хабарландыру бойынша жұмысқа орналасқан. Жастардың 18,9% бұл мәселеде ата-аналары көмектесті. Жұмыс іздеу бойынша арнайы институттар қызметі NEET жастарының арасында танымал емес, сол себепті зерттеу оларды функционалды емес деп көрсетті. Осылайша, респонденттердің тек 3,5% жұмыспен қамту қызметі арқылы жұмысқа орналасты (19-кесте).

Айта кету керек, әлеуметтік зерттеу барысында респонденттердің гендерлік қатыстылығы мен олардың жұмыс іздеу әдістері арасында кейбір тәуелділік анықталды. Мысалы, егер ер адамдар достарының ұсыныстары бойынша жұмысқа жиі орналасса ("Достардың, таныстардың ұсыныстары бойынша" жауаптың нұсқасы ер адамдардың 49,7% және әйел адамдардың 41,1% таңдады), онда әйел адамдар ата-аналарының көмегіне сүйенуге бейім ("ата-аналар көмектесті" жауаптың нұсқасы әйел адамдардың 20,3% және ер адамдардың 17,8% таңдады) және газет пен Интернет желісіндегі хабарландыру (әйел адамдардың 30,2% және ер адамдардың 25,9%).

Сауалнамаға қатысқандардың жас ерекшелігіне байланысты кейбір тәуелділік байқалады: респонденттің жасы үлкен болған сайын ата – ананың көмегі арқылы және достарының/таныстарының ұсыныстары арқылы (14-18 жас – тиісінше 21,6% және 40,9%, 19-23 жас – тиісінше 21,7% және 42,6%, 24-28 жас – тиісінше 17,1% және 48,3%) жұмыс табады.

19-кесте.

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сөз алғашқы жұмысыңызды қалай таптыңыз?», %

	%
Достардың/таныстардың ұсыныстары бойынша	45,8
Газет, Интернет желісіндегі хабарландыру арқылы	27,8
Ата-анам көмектесті	18,9
Жұмыспен қамту қызметі арқылы	3,5
Өзім	1,2
Колледж, университет бағыты бағдарламасы арқылы	0,2
Тәжірибе өткен жерде бардым	0,3
Басқасы	0,3
Жауап беруге қиналамын	1,8

Бұл ретте, ақпарат берушілерден жұмыс іздеудің ең тиімді тәсілі туралы сұрағанда, көпшілігі туысқандарының, достарының, таныстарының байланыстары немесе ұсыныстары болып табылатындығын көрсетті: *«...Самый эффективный, я так думаю, через знакомых. Всегда подрабатываем через знакомых, а официальную работу не искал» (СКО, муж, 25).*

«...Считаю, самый эффективный способ это через знакомых» (Туркестанская, муж, 22).

«...Не знаю, какой способ может быть? Ну лучший вариант – искать через знакомых, через знакомых и бояться не будешь – он тебя сто процентов может устроить. А куда-то обращаться – это ждать, можно и годами ждать сидеть» (СКО, муж, 28).

«...Особо негде искать работу в селе. Обращаюсь к знакомым, нахожу через них» (Туркестанская, муж, 25).

«...Через знакомых, в основном. Люди сами там работают. И они уже знают все условия труда» (Карагандинская, муж, 27).

«...Ну, тут уже наверняка, по рекомендации близких людей больше вероятность, что тебя возьмут» (СКО, жен., 26 лет).

Респонденттердің басқа бөлігі ақпараттық технологиялар ғасырында бос жұмыс орындарын іздеудің ең тиімді құралы Интернет желісі деп санайды:

«...Пока еще не искала, но, если буду искать, наверно буду смотреть в интернете, у знакомых буду спрашивать (СКО, жен, 28).

«...Ну, не знаю, похожу, там, по предприятиям каким-нибудь, поспрашиваю, нужны ли рабочие, или, опять же, на OLX посмотрю, может будут объявления хорошие» (Карагандинская, муж, 17).

«...Как я думаю...на данный момент интернет, поисковые сети» (Алматы, муж, 27).

Терең сұхбаттар жұмыспен қамту орталықтарына жастардың жұмыс іздеудің басқа тәсілдері тиісті нәтиже әкелмеген жағдайда ғана жүгінетінін растады:

«...Искала по интернету, искала через знакомых, искала по газетам, но пока безрезультатно. Теперь я уже пойду в службу занятости» (СКО, жен, 26).

NEET жастарының арасындағы жұмысқа орналастырудың бірінші тәжірибесімен қанағаттану көрсеткіші айтарлықтай жоғары: респонденттердің 76,3% олардың бірінші жұмысы қанағаттандырғанын көрсетті ("менің алғашқы жұмысым мені толық қанағаттандырды" және "жалпы менің алғашқы жұмысым мені қанағаттандырды" деген жауап нұсқаларының жиынтық көрсеткіші). Жұмысқа орналасудағы сәтсіз тәжірибе жағдайлары респонденттердің 20,5% арасында белгіленді (24-диаграмма).

24-диаграмма.


Сұрақ бойынша жауаптар: "Сіз алғашқы жұмысыңызға қаншалықты қанағаттанасыз?", %



Сауалнамаға жауап берушілердің басым көпшілігі 2 және одан да көп жұмыс орнын ауыстарған (51,9%). Респонденттердің 1/3 бөлігінде әзірше бір ғана еңбек тәжірибесі бар (32%). Сонымен қатар, тұрақты жұмыста ешқашан жұмыс істемеген респонденттер тобы анықталды, яғни, кездейсоқ табыс табатын респонденттер тобы анықталды – 14,6% (25-диаграмма).

25 диаграмма.

Сұрақ бойынша жауаптар: "Сіз өміріңізде қанша жұмыс орнын ауыстырдыңыз?", %



NEET жастарының жұмыспен қамтылуының ағымдағы мәртебесі төмендегідей: NEET абсолюттік қатынасында, яғни оқымайтын, жұмыс істемейтін және жұмыс іздеп жүрмейтіндер саны 15,4% құрайды. Оның ішінде ер адамдардың арақатынасы әйел адамдардың жалпы санынан 4 есе төмен: ер адамдар – 6,4%, әйел адамдар – 26%. NEET жастар құрылымындағы әйелдердің басымдылығы олардың көпшілігі декреттік демалыста немесе кішкентай балаларды тәрбиелеуде болғандықтан, бұл сауалнама деректерін төменде растайды.

Өңірлер бөлінісінде NEET жастарының басым бөлігі Солтүстік Қазақстан (30,3%), Жамбыл (27,1%), Шығыс Қазақстан (25%) және Қарағанды (25,3%) облыстарында тұрады. NEET жастары ең аз саны Атырау (5,3%), Павлодар (6,8%) облыстарында және Нұрсұлтан қаласында (6,5%) тұрады.

Қазіргі уақытта респонденттердің 30,5% жұмысқа орналасуды іздеуде. Респонденттердің $\frac{1}{4}$ үлесі уақытша маусымдық жұмыста жұмыс істейді (26,2%). Сонымен қатар, респонденттердің дәл сондай саны кездейсоқ табыс тауып жатыр (24,8%) (26-диаграмма).

26-диаграмма.

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз қазіргі уақытта немен айналысасыз?», %



NEET жастарының арасында ең танымал сала - көтерме және бөлшек сауда саласы болып табылады (15,9%). Сондай-ақ, Қазақстандағы NEET жастарын жұмысқа орналастыру үшін өте тартымды салалар құрылыс (9,5%), көлік, байланыс (9,1%), өнеркәсіп (7,9%), ауыл шаруашылығы (7,9%) болып табылады. NEET жастарының еңбек алаңындағы менеджмент, қызмет көрсету, мәдениет (өнер) және кәсіпкерлік салаларында еңбек етіп жүргенін кездестіруге болады, тиісінше 1,5%, 1,8%, 2,4% және 2,9% (20-кесте).

Гендерлік қағидат бойынша деректерді талдауға жүгінейік. Айта кету керек, Қазақстанда ер адамға арналған мынадай салалар бар: өнеркәсіп (ерлердің 3,6% қарсы 10,8%), ауыл шаруашылығы (5,2% қарсы 9,7%), құрылыс (1,9% қарсы 14,4%) және көлік (2,3% қарсы 13,5%). NEET жастарының әйел адамдар ұсынымы сауда (ерлердің 10,1% қарсы 24,7%), қоғамдық тамақтану (2,5% қарсы 7,8%), денсаулық сақтау (2,3% қарсы 7,8%) және білім беру (2,7% қарсы 10,1%) сияқты салаларда жоғары.

20-кесте.

Сұрақ бойынша жауаптар: "Қандай салада жұмыс жасайсыз немесе іздейсіз?", %

	%
Көтерме және бөлшек сауда	15,9
Мен бір мезгілде әртүрлі жерлерде жұмыс істеймін	10,1
Құрылыс	9,5
Көлік, байланыс	9,1
Өнеркәсіп	7,9
Ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы	7,9
Білім	5,6
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету	4,7
Қаржы, кредит беру, сақтандыру	4,7
Қоғамдық тамақтандыру	4,6
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету	4,5
Кәсіпкерлік	2,9
Мәдениет және өнер	2,4
Қызмет көрсету саласы	1,8
Менеджмент	1,5
Мемлекеттік қызмет	0,3
Кездейсоқ табыс көзі	0,3
Заң саласы	0,5
IT технологиялар	0,3
Басқасы	0,4
Жауап беруге қиналамын	5,0

4.3 Жұмыспен қамтылудағы қиындықтар мен кедергілер

Еңбек нарығында NEET жастарының жұмыспен қамтылмауының орташа кезеңін анықтау мақсатында респонденттер мынадай сұраққа жауап берді: «**Сіз қанша уақыттан бері жұмыс істемейсіз (тұрақты кестемен жұмыс) ?**». Зерттеу осы сұраққа бір мәнді жауап беруге мүмкіндік бермейді, себебі респонденттер арасында NEET мәртебесінің ұзақтығы 1 айдан

бірнеше жылға дейін құбылады. Мәселен, сұралғандардың 1/10 үлесі бір ай уақыт шамасында жұмыс істемейді (10,1%). Сұралғандардың 23,5% "2-3 ай дан бері жұмыс істемеймін" деген жауап нұсқасын таңдады. Зерттеуге қатысып жатқан 24,8% респонденттердің жарты жылдан бері жұмыс істемей жатқандары белгілі болды. Жұмыспен қамтудың жоқтығы анықталды. Респонденттердің тағы 14,3 % бір жыл бойы жұмыс істемей жатқандарын айтты. Жастардың 19,6% NEET мәртебесінде жүргеніне бірнеше жыл болған (27-диаграмма).

Бұл ретте гендер принципі бойынша корреляцияларды талдау NEET санатындағы ерлер үшін жұмыссыз/жұмыспен қамтылмағандық қысқа мерзімді мәртебесі неғұрлым тән екенін көрсетті, ал әйелдерге қатысты бұл мәртебе бірнеше жыл бойы сақталады. Осылайша, "бірнеше жылдан бері жұмыс істемеймін" деген жауап нұсқасын ерлердің 16% және әйелдердің 24% таңдады. Бұл жағдай сұралған әйелдердің жартысының "декреттік" кезеңімен түсіндіріледі.

Өңірлер бөлінісінде NEET статусында ең ұзақ Қызылорда, Атырау, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарында, тиісінше 46,7%, 36,8%, 33,3% және 33,7% сұралғандар болды.

27-диаграмма.

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз қанша уақыттан бері жұмыс істемейсіз (тұрақты кестемен жұмыс) ?», %



Жастардың тұрақты жұмыс табуына кедергі келтіретін басты себептердің қатарында мыналар бар: сұралғандардың 21,1% кездейсоқ тапқан, олар үшін өмір сүруге жеткілікті көрінетін қаржымен өмір сүреді (21-кесте). Бұл тәжірибе елдің солтүстігінде және орталық бөлігінде – Қарағанды облысы (33,3%), Солтүстік Қазақстан облысы (31,5%), Павлодар облысында (30,1%) тұратын NEET жастары үшін ерекше өзекті болып табылады.

Респонденттердің 12% лайықты жұмыс табу үшін білім алуға мүмкіндіктері жоқ екенін атап өтті, олардың ішінде Солтүстік Қазақстан

облысы, Павлодар аймағы және Шымкент қаласы тұрғындарының үлесі айтарлықтай жоғары, сәйкесінше 27,8%, 19,2% және 19,3%.

Жұмысқа орналасу барысында білімнің болуының маңыздылығы жайлы жастардан алынған сандық сауалнаманың нәтижелерімен информанттардың ойын корреляциялайды:

«...Я, в принципе, не работала никогда, потому что у меня нет образования. Поэтому я выхожу чисто на подработку» (СКО, жен, 18).

«...В наше время тяжело устроиться без диплома. У нас в селе нет такой работы, куда я могла бы устроиться» (Туркестанская, жен, 20)

Зерттеуге қатысушылардың 14,9 % кішкентай балаларды тәрбиелеуіне байланысты тұрақты жұмысқа орналаса алмайды. Гендерлік аспектіде мұнда әйелдердің 27,6% және ерлердің 2,5% ұсынылған. Сондықтан, дәл осы жағдай Қазақстандағы NEET жастар құрылымындағы әйелдердің ұсынылуын түсіндіреді деп айтуға болады. Сауалнамаға қатысқандардың 10,3% оларға жұмысқа орналасуға тыйым салынатынын (10,3%) атап өтті, жауап бергендердің ішінде ерлерге(6,3%) қарағанда әйелдер (14,4%) айтарлықтай үлесті құрайды.

21-кесте.

Сұрақ бойынша жауаптар: «Неге сіз тұрақты жұмыс табуға тырыспайсыз?», %

	%
Кездейсоқ табыстармен шектелемін	21,1
Менің кішкентай балаларым бар	14,9
Маған тыйым салады	10,3
Лайықты жұмыс табу үшін білім алу мүмкіндігі жоқ	12,0
Үй шаруашылығын жүргізумен айналысым келеді	6,6
Менің табысым бар және маған ақша табудың қажеті жоқ	5,9
Менің ойымша, бұл пайдасыз жұмыс	5,8
Жұмыс іздеп жүрмін	5,5
Денсаулық жағдайы мүмкіндік бермейді	2,8
Науқас туысыма қарағандықтан жұмысқа шыға алмаймын	1,8
ЖОО-на түсуге дайындалып жүрмін	1,1
Жалақысы жақсы жұмыс іздеймін	1,1
Бұл менің діни нанымдарыммен байланысты	0,9
Мамандығым бойынша жұмыс іздеп/таппай жатырмын	0,9
Қазір жұмысқа тұру қиын	0,8
Білім жоқ	0,6
Еңбек өтілі, тәжірибе, диплом жоқ	0,5
Өз ісімен айналысым келеді	0,4
Әскерге барамын	0,4
Жұмыс жоқ	0,3
Жұмысқа алмайды	0,2

Үйден алыс	0,2
Басқасы	1,9
Жауап беруге қиналамын	18,5

Терең интервью нәтижелері Қазақстанда "NEET" жастар құрылымындағы айтарлықтай үлесті отбасылық міндеттерді орындау себебінен жұмыс істемейтін жас әйелдер алып отырғандығын растайды:

«...Я вышла замуж, муж работает, а я смотрю за ребенком» (Алматы, жен, 28).

«...Потому что внимание больше нужно уделять ребенку, семье, поэтому я дома пока сижу» (СКО, жен., 26 лет).

«...Потому что у меня двое детей уже. Детей нужно водить в школу, на разные кружки, поэтому я пока не работаю» (СКО, жен, 28).

«...Как я уже говорила выше, рано вышла замуж в связи с этим не смогла поступить продолжить учебу в ВУЗе. Потом пошли детки один за другим, да я и не пыталась искать работу. Искать не ищу, так как за детьми нужен уход. Супруг работает на стройке в Астане, Караганде, в основном кормит семью он. И его почти не бывает дома, деток не могу оставить без присмотра пока они у меня маленькие» (Туркестанская, жен, 27).

«...За ребенком смотрю, дома сижу» (Карагандинская, жен, 21).

«...В данный момент я сейчас с ребёнком, ему почти два года» (Карагандинская, жен, 18).

«...Неліктен дейсіз бе? Сокращение мен қысқартылдым жұмымстан. Содан кейін баламен үйде отырдым. Содан кейін қызым сабаққа барды. Сол себептермен жұмыссыз болдым. Қазір жұмыс іздеу үстіндемін» (Атырауская, жен 28).

NEET жастарының жұмысқа орналасуына кедергі келтіретін себептерді анықтау үшін респонденттерге **«Сіздің жұмысқа орналасуыңызға не кедергі келтіреді?»** деген сұрақ қойылды. Жаппай сауалнама нәтижесінде әртүрлі пікірлер алынды. Сонымен, сұралғандардың 1/3 үлесі олардың жұмысқа орналасуына негізгі кедергі төмен жалақы (30,5%) және жұмыс тәжірибесінің болмауы (27,3%) болып табылады. Еңбекақының төмендігі жұмысқа орналасудағы басты кедергі ретінде деп сауалнаманың әрбір екінші қатысушысы Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында және Нұр-Сұлтан қаласында, тиісінше 41,3%, 41,2%, 47,9% және 46,6% көрсетті.

Ұсынылған еңбекақыға қанағаттанбаушылық және жұмыс тәжірибесінің болмауы сияқты жұмыссыздық факторлары туралы жоғарыда келтірілген деректерді жастардан алынған сұхбаттың келесі үзінділері растайды:

«...Ищу хорошую работу, потому что мало платят, мне не хватает этого» (СКО, жен, 28).

